

Билялова Маржан Исаковнанын
6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған
«Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы
азаматтарының сайлау құқығына салыстырмалы-құқықтық талдау»
тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаған жолдауларында адам құқығын сақтау, Қазақстанды одан әрі жаңарту мен демократияландыру күн тәртібіндегі мәселе екендігі айтылған. Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет, өзін әлеуметтік, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырып, қоғамның бүгінгі таңдағы әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістеріне, яғни нарықтық экономикаға көшу, көп партия құру, қоғамда демократиялық және құқықтық институттарды дамыту мәселелеріне көп көңіл бөледі. Өткізілген реформалардың сәтті шығуы ең алдымен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделетін құқықтық сана деңгейіне әсер етеді, одан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары да шет қалмайды.

Мемлекетте демократияның басты негізі жеке тұлғаның құқықтық жағдайы болып табылады. Барлық қазіргі заманға сай конституциялар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы да бұл мәселеге ерекше назар аударады. Азаматтардың сайлау құқығының дамуы, қазіргі қоғамда, жалпы әлемде, сайлау жүйесінің жетік болуы әрі адам және азаматтардың сайлануға құқығының тең әрі әділ болуы. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне ие болған сәттен бастап мемлекет пен қоғам өмірінде түбегейлі өзгерістер болды. Құқықтық, демократиялық мемлекетті қалыптастыру жолында адам құқықтары мен бостандықтары басты назарға иеленді. Саяси өзгертулерді жүзеге асыра отырып, біз осы қадамдардың бәрі нақты ерекшеленген әрі дәйекті болуға тиіс екендігін ұмытпауымыз керек. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын қуаттай отырып, бұл қадамдар біздің демократия құрудағы стратегиялық мүдделерімізбен үйлесім табуға тиіс.

Сайлау түсінігі – азаматтың субъективтік құқығы, саяси және бостандықтарының маңызды категориясы. Бұл дегеніміз азаматқа мемлекеттің саяси-қоғамдық өміріне және мемлекеттік билікке қатысу мүмкіндігін береді. Азаматтардың саяси құқықтары басқа да құқықтардың жүзеге асырылуының бірден-бір шарты болып табылады. Өйткені сайлау құқығы билік шектейтін құндылықтар мен демократия жүйесінің табиғи негізін құрайды. Қазіргі кезеңде қоғам мүшелерінің саяси санасы мен көзқарасын қалыптастыруда, саяси бағыт-бағдарлары мен ұстанымдарын

жетілдіруде олардың саяси процестерге белсене қатысуының маңызы зор. Қазақстан Республикасындағы демократиялық сайлау үдерісі барысында халықтың саяси белсенділігі мәселесі саяси ғылымдағы және қоғамдық-саяси өмірдегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бүгінде қазақстандық халықтың сайлау арқылы саяси белсенділігінің теориялық-әдістемелік негіздері мен даму үдерістерін, оның тәжірибесін қарастыруға зор мүмкіндік туып отыр.

Еңбектің ғылыми маңызы Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігін нығайту кезеңіндегі жана міндеттер мен үлкен өзгерістер жағдайында арта түсуде.

Бүгінде қоғамдық-саяси жүйеде адамдардың азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігін танытатын түрі – сайлауға қатысу. Сайлау – демократияның ең маңызды институты, халықтың еркін білдірудің және оның саяси үдеріске қатысуының басты нысандарының бірі. Сондықтан автор сайлау үдерісі арқылы халықтың саяси белсенділігінің мәні мен маңызын, қазақстандық демократиялық саяси жүйе жағдайындағы сайлау шарттарының ерекшелігін терең ұғынуға көмектеседі.

Сондықтан сын пікірге ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың зерттеу тақырыбы екі мемлекеттің азаматтарының сайлау құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін халықаралық стандарттарға ұлттық заңнаманы сәйкестендіру, халықаралық құқықтық нормаларды имплементациялау және оны тәжірибеде іске асыру бойынша мемлекеттік шараларды жүргізу тұрғысында өзекті болып табылады. Сонымен бірге қазақстандық қоғамның саяси жаңғыруы жағдайындағы өзекті мәселелер ауқымына талдау жасау, сайлау үдерісіне баға беру, аталған мәселе жайындағы саяси ойшылдардың ой-тұжырымдарын сараптауда шешуші рөлге ие екенің докторант өз жұмысында терең зерттей білген. Сонымен, диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі конституциялық құқық ғылымындағы азаматтардың сайлау құқықтары институты жөніндегі теориялық тұжырымдар мен екі демократиялық мемлекеттің азаматтарының сайлау құқықтарын қолдану тәжірибесіне кешенді зерттеу жүргізу, осы құқықтарды қамтамасыз ету мен қорғаудың құқықтық тетігін заңнамада бекітуге талдау жүргізу, соның нәтижесінде Қазақстан мен Ресейдің азаматтарының сайлау құқықтарын құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу қажеттігімен байланысты.

2. Диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптар шеңберінде ғылыми нәтижелер, олардың негізділік және нақтылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста азаматтардың саяси құқықтарының ерекше құқығы сайлау құқықтарына қатысты теориялық және практикалық мәселелері зерттелген. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтарының сайлау құқықтарына салыстырмалы- құқықтық талдау жүргізу арқылы екі мемлекеттің ұлттық заңдарына кешенді зерттеу жүргізілген. Соның нәтижесінде автор сайлау заңнамасында бекітілген азаматтардың саяси құқықтарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, сайлау құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін заңнамаларды жетілдіруге, нығайтуға бағытталған құнды ғылыми тұжырымдарын қорытындылайды.

Нәтиже 1. Азаматтардың саяси құқықтарына теориялық-құқықтық талдау жүргізу нәтижесінде сайлау құқығының саяси құқықтар жүйесінде ерекше орын алатыны анықтап, қазіргі таңда мемлекеттің саяси өміріндегі маңыздылығымен негізделетінің дәлелдеп, азаматтардың саяси құқықтары жүйесіндегі сайлау құқықтарының маңыздылығы зор екенін, олар халық егеменділігінің көрінісі және халықтың билігі қағидасын іске асыратыны туралы, мемлекеттік биліктің тиімділігіне ықпалы ерекше, жалпы құқық жүйесін жетілдірудің ажырамас элементі болып табылатының негізделеді.

Нәтиже 2. Азаматтардың сайлау құқықтарын реттейтін Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының заңнамаларының қалыптасуына және даму үрдісіне тарихи - құқықтық талдау жүргізу арқылы, сайлау заңнамасының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдеріне терен салыстырмалы талдау жасағаны, жұмыстың ғылыми ерекшелігін түрлендіре түскені сөзсіз.

Нәтиже 3. Сайлау заңнамасын жетілдіру мақсатында, сайлау құқығының қағидаларын айқындау және талдау жүргізу нәтижесінде, бірқатар жаңа қағидаттарға ұсыныс жасалады. Тұжырым сайлау құқығы қағидаларына жан-жақты талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында сайлау құқықтары қағидаларының жүйесіне сипаттамаға кең, әрі кешенді салыстырмалы талдау берілген. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2462 Конституциялық Заңына негізделеді.

Нәтиже 4. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының сайлау заңдарына салыстырмалы- құқықтық талдау жүргізу арқылы, нәтижесінде сайлау заңнамасын жетілдіру мен Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарына кепілдіктерді нығайту, сайлау науқанында азаматтардың тарапынан түскен шағымдарды қарау мен өкілеттігін айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысты өзекті мәселелер қарастырылып, оның заңда айқындалуы ұсынылады. Тұжырым Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқықтары мен референдумға қатысу құқықтарының негізгі кепілдіктері туралы» Федералдық Заңына негізделеді.

Нәтиже 5. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына зерттеу мен құқыққолдану тәжірибесіне талдау жүргізу негізінде сайлау комиссияларына келіп түсетін өтініштерді және бірінші кезекте азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің шағымдарын есепке алу және талдау жүргізу жөніндегі заңнаманы жетілдіру жолдарын ұсыну механизмдерін тәжірибемен ұштастырып қолданыстағы заңға толықтырулар енгізу бойынша практикалық маңыз бар тұжырым жасалады. ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына негізделеді.

Нәтиже 6. Қазақстан Республикасының азаматтарының сайлау құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеу механизмін айқындап және де оған талдау жүргізуінде. Себебі сайлау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікті құқықтық реттеу қазіргі заманғы сайлау құқығының ажырамас элементі болып табылады. Сайлау құқығындағы жауапкершілік

институтының тиімді жұмыс істеуі сайлау заңнамасындағы жауапкершілік пен азаматтардың сайлау және сайлану құқығының бұзылғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктердің үйлесімділігі қамтамасыз етілген жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл тұжырым Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Кодексіне негізделеді және сот тәжірибесінің материалдарына жүргізілген талдаулар негізінде жасалған.

3. Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалық дәрежесі.

Алғаш рет Қазақстан Республикасының сайлау құқығы ғылымында азаматтардың саяси құқықтарының ішіндегі сайлау құқықтарына мемлекеттік тілде кешенді ғылыми зерттеу жүргізілген. Қолданыстағы сайлау туралы заңнамаға, сайлау құқықтарын реттейтін нормаларға, яғни Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне жаңа нормаларды енгізу қажеттігі негізделеді, азаматтардың сайлау құқықтарын бекітетін құқықтық нормаларды тәжірибеде қолданудың тиімділігін арттыратын жаңа тұжырымдар жасалып, олардың тәжірибелік құндылығына ғылыми негізделген баға беріледі.

1 нәтижеде автордың пайымдаулары нақты екенің айтуға болады, себебі бұрын соңды бұл түсінікті жалпы саяси құқық ретінде атап өтетін, ал автор өз зерттеуінде сайлау құқығы дербес, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтарының сайлау құқықтарына құқықтық-салыстырмалы талдау жүргізу арқылы қазіргі жаһандану кезеңінде сайлау құқықтарын тәжірибеде жүзеге асыру жөнінде қорытындылар жасап авторлық түсінігін беріп, мәнісін ашады.

2 нәтиже ғылыми тұжырымдалған, сайлау заңнамасын автор кезеңдерге жіктеу арқылы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының заңнамаларының қалыптасуына және даму үрдісіне тарихи - құқықтық талдауды өз көзқарасымен кезеңдерге бөліп, сайлау саласы әліде зерттеуі толық ашылмаған ірі ғылым екенін көрсеткен.

3 нәтиже жаңа болып табылады, өйткені диссертант сайлау құқығын іске асырудың құқықтық тетігін жетілдіру үшін келесідей қағидаларды ұсынған: сайлау органдары қызметінің ашықтығы; сайлау органдарының (лауазымды тұлғаларының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) азаматтардың шағымдану еркіндігі; сайлау органдарының (лауазымды тұлғалардың) жауапкершілігі қағидасы. Автор бұл ұсынысы арқылы Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында азаматтардың сайлау құқығы қағидаларының негізгі жүйесін жаңа қағидалармен толықтыруыға болатынын негіздейді.

4 нәтиже жаңа деп санаймыз, Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарына кепілдіктерді күшейтуге бағыталған. Автор Ресей Федерациясының заңынан біздің заңнамаға толықтыру енгізу арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарына кепілдіктердің құқықтық механизмін күшейтуге болады деген қорытындыға келген.

5 нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады, өйткені Қазақстан

Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының бір қатар баптарына толықтырулар енгізуге қатысты ұсыныстар берілген. Автор аталмыш ұсынысында, жеке азаматтар мен заңды тұлғаларға қатысты шығарылған шешімді жазбаша немесе электронды құжат түрінде хабарлауды міндеттеу қажет екенің толық дәлелдеп анықтап авторлық көзқарасын білдіреді.

6 нәтиже жаңа болып табылады, өйткені автор пайымдауынша сайлау құқығындағы жауапкершілік институтының тиімді жұмыс істеуі сайлау заңнамасындағы жауапкершілік пен азаматтардың сайлау және сайлану құқығының бұзылғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктердің үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында, бірқатар Қазақстандық заңнамаларға толықтыру енгізу қажеттігі туралы жаңа тұжырым жасаған. ҚР ӘКБК-не жаңа «Сайлау бюллетенін әлеуметтік желіде жариялағаны үшін жауапкершілік» деп аталатын жаңа 112-1-бабын енгізу жөнінде нақты құқықтық нормаларды мазмұндайды.

4. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау, олардың маңызды ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешудегі бағыты.

М.И. Билялованың диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау заңнамасында сайлау құқықтарының бекітілу ерекшеліктерін білуге, саяси құқықтарын құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелерін айқындауға мүмкіндік береді. Автормен жасалған қорытындылары мен ұсыныстары зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді, соның негізінде ішкі бірлігі және логикалық байланыстылығы сақталған. Қорғауға шығарылған тұжырымдары Қазақстан Республикасында саяси құқықтарының жан-жақты қорғалуына, құқықтық реттеу механизмінің тиімділігін арттыруға, азаматтардың сайлау құқықтары туралы заңнамаларды жетілдіруге бағытталған.

5. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.

Диссертациялық зерттеу шетел тәжірибелерімен салыстырыла отырып Қазақстан Республикасының заңнамасында саяси құқықтардың конституциялық құқықтық реттелу механизмін барынша дамытуға бағытталған. Зерттеу жүргізу нәтижесінде қол жеткізілген ғылыми теориялық тұжырымдары, қорытындылары мен ұсыныстары, сайлау құқығының теориясын жетілдіруге үлес қосып, келешекте сайлау құқықтарын құқықтық реттеу мәселелеріне ғылыми зерттеулер жүргізуде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, «Сайлау құқығы» пәні бойынша оқу үрдісінде оқу материалын әзірлеуде қолданылуға жатады. Жұмыстың тәжірибелік маңызы Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын жетілдіруге бағытталуымен түсіндіріледі.

Диссертацияда келтірілген нәтижелердің, қортынды мен түйіндемелердің жаңалық дәрежесі негізгі нәтижелердің ҚР БҒМ-нің білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған басылымдарда және шетелдік импакт-факторлы басылымда жариялануымен дәлелденеді.

6. Академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі.

Диссертациялық жұмыста академиялық адалдық принципі сақталған, оны диссертация авторының басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауынан және диссертацияда пайдаланылған материалдардың авторы мен дереккөзіне (137 қайнар көздерге) сілтемелер жасауынан байқауға болады. Сондай-ақ диссертациялық жұмыста бөтен мәтінді мағынасын өзгертпей пайдалану фактісі анықталған жоқ.

7. Диссертациядағы нәтижелер мен тұжырымдардың жариялануын растау

Автордың диссертациялық жұмысты қорғауы үшін жарияланымдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларының» 6 пунктінде қарастырылған талаптарға сай келеді.

Диссертацияда алынған нәтижелер бойынша 13 жұмыс жарияланды, оның ішінде 3 ғылыми мақала ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған басылымдарда және 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін журналда, 9 мақала шетел және Қазақстандағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланған.

«Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талабы толық орындалған. Жарияланған жұмыстарда диссертацияның негізгі қағидасы, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары сипатталған.

8. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

Автордың диссертациялық зерттеу жұмысының жоғары теориялық деңгейін, жаңалықтарға ие қорғауға ұсынылған тұжырымдарының маңыздылығын ескере отырып, бірқатар ескертулер мен ұсыныстар беріледі:

1. Диссертацияның 1 тарауында 1.4 параграф ретінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтарының сайлау қатынастары туралы жеке қарастырылса зерттеу жұмысының құндылығын арттыратын еді. Себебі диссертациялық жұмыстың зерттеу объектісі болып азаматтардың сайлау құқықтарының аясындағы конституциялық-құқықтық қатынастар табылады.

2. Диссертациялық зерттеу жұмысында қазіргі кездегі Қазақстан мен Ресей мемлекетіндегі әрекет етуші саяси партиялар туралы, олардың сайлау қатынастарына түсу, өздерінің саяси бағдарламалары арқылы халыққа қызмет етуі жөнінде қарастырылса, онда жұмыстың маңыздылығын ашатын еді.

3. Қазақстан Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізілетіндіктен, оларды сайлауға таңдаушылар - мәслихаттардың депутаттары қатысады. Ал Ресей Федерациясында қазіргі уақытта жанама сайлау элементтері Федерация кеңесін қалыптастыру кезінде қолданылады. Диссертант зерттеу жұмысында жанама сайлау құқығы мәселелеріне де жан-жақты назар аударса, оның мәні артар еді.

Дегенмен аталған ескертулер тілек сипатына ие және зерттеудің жоғары Диссертациялық жұмыста жанама сайлау құқығы мәселелерін қарау

қызықты болар еді деңгейін кемітпейді.

9. Диссертацияның ҚР БҒМ «Дәрежелерді беру қағидаларының» 2-тарауында қойылған талаптарға сәйкестігі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Билялова Маржан Исаковнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларының» 2-тарауында қойылған талаптарға толық деңгейде сәйкес келеді, ал оның авторы 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық..

Ресми рецензент:
Заң ғылымдарының кандидаты,
Жоғарғы Соттың жанындағы
Сот төрелігі академиясының,
мемлекеттік-құқықтық пәндернің
ғылыми-білім беру орталығының
директоры

К.К. Мусиннің қолын растаймын



К.К. Мусин

